

Кәсіптік бағдар беру педагогы Г.Қалдыбаеваның 2024-2025 оқу жылының бірінші жартыжылдығында атқарған жұмыстарының есебі

Мектептегі кәсіби бағдар жұмысының мақсаттары:

Мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру. Оқушыларды, ата-аналарды мамандық бойынша керекті мәліметтермен және ақпараттармен қамтамасыз ету.

2024-2025 оқу жылында атқарылатын жұмыстарға жоспар, құрылып бекітілді. Жасалынған жоспарға сәйкес жыл бойы жұмыстар атқарылып, әлеуметтік желіге жарияланып тұрады. Кәсіптік бағдар беру жұмыстары бойынша әдістемелік материалдар жинақталуда. Қыркүйек айында 10-11 сынып оқушыларын таңдаған пәндері бойынша екі бағытқа бөлінді.

06-қыркүйек күні мектеп дәлізіне «Кәсіби бағдар беру бұрышы» ілінді. Кәсіптік бағдар беру стенді ақпараттық материалдармен толықтырылып, мектеп оқушыларына таныстырылды.

09- қыркүйек күні « Менің арманымдағы мамандығым» тақырыбында 1-4 сыныптар болашақ мамандықтарының суреттерін салып, түсіндіріп өтті.

Мақсаты: оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру.



18-қыркүйек күні

Қызығушылықтарын анықтау бойынша жүргізеді, кәсіби бағдарлы диагностиканы талдайды, кәсіптік бағдар бойынша 5-7 сыныптардан сауалнама алынды.



23- қыркүйек күні « Сіздің кәсіби мансабыңыз » тақырыбында 10-сынып оқушыларымен әңгімелеу жүргізілді. Сынып оқушылары өз ойларын ортаға салып, мамандықтар жайында айтып өтті.



27- қыркүйек күні «Мамандықты дұрыс таңдау- болашақты таңдау», «Менің өмірлік жоспарларым, болашағым және мүмкіндіктерім» тақырыбында 8 сынып оқушыларға кеңес берілді.



Қазан айының 11 күні «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында 11 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел жүргізілді. Оқушылар өздерінің таңдаған мамандығы жайында ой бөлісті.

Мақсаты: мамандық түрлеріне шолу жасай отырып, әр мамандықтың қыр – сырларын талқылап. Өз таңдаған мамандығының себебін ортаға салу.



Қазан айында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша «Күзгі асар» жәрмеңкесі өтті.

Мақсаты: күз уақыты молшылыққа толы болғандықтан күздің берекелі, мерекелі кезін насихаттап, оқушыларды талғампаздыққа, еңбекқорлыққа баулу, балалардың қызығушылығын арттыру болды.

14 қазан күні «Мамандықтар шеруі» тақырыбында 7 сынып оқушыларымен бейне таныстырылым көрсетілді.

Мақсаты: оқушыларға алдағы уақытта заман талабына сай дұрыс мамандық алу үшін бағыт – бағдар беру, әр мамандықтың қызығы мен қиындылығы болатындығын жете ұғындыру.

24 қазан күні «Мектеп түлегіне көмек», бұл тақырып түлектердің алдағы өмір жолын дұрыс бағыттап, мамандық таңдау, жоғары оқу орнына түсу, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын анықтай отырып бағыт-бағдар беріліп, әдістемелік материалдармен таныстырылды.

18 қазан күні Түркістан облысы Білім беруді дамыту орталығы «BOLASAQ» «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы және Жоғарғы оқу орындарының өкілдерімен бірге «Өскенде кім боласың?» тақырыбында кәсіби бағдар беру жобасы бойынша ZOOM конференциясы өткізілді. Конференцияға 9, 10, 11-ші сыныптар мен ата-аналар онлайн жүйесінде қатысты. Соның ішінде Қарағанды, Павлодар, Өскемен қалаларындағы оқу орындары өздерінің базалық жоспарларымен таныстырып шықты.

29 қазан айында «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында 11А.Б - сынып оқушыларынан эссе жұмысы алынды.Сынып оқушылары толық қатысты.



08 қараша айында «Қайда оқуға баруға болады ?»тақырыбында 11-сынып оқшыларна әдістемелік материялдар таныстырылды.



12 қараша «Мамандықтар әлемінде» 3-сынып оқушылармен мамандық жайлы мәліметтер берілді.

Максаты: оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру. Оқушыларға мамандық таңдау мектеп қабырғасынан басталатынын және өздерінің қалаған мамандықтары туралы өз ойларымен бөлісті. Еңбек туралы мақал-мәтел айтылып жұмбақтар шешілді, ойындар ойналды.



29 қараша күні 11-сынып оқушыларынан «Кәсіптік сауалнамасы» алынды. Оқушылар өздеріне қажетті мамандық ала білді.

06 желтоқсан «Кім боламын ?» тақырыбында 4 Ә.Б.А сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді. Оқушылардың мамандыққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі топтық жұмыстар жүргізілді. Мамандықтар туралы сұрақнама беріліп, оқушылар өздері тандаған мамандықтарын сипаттап, «Болашақ мен» бейнесіне сипаттама берді.



Жаңашылдыққа тәрбиелеу, кәсіптік бағдар беруді дамыту мақсатында 2024 жылдың 03 желтоқсан күні Леңгір қаласындағы «Мейір- Бейс» медициналық колледжге экскурсияға 9 «Ә» сынып оқушылары қатыстырылды. Аталған оқу орнында «Ашық есік» күні ұйымдастырылып, оқытылатын мамандықтарға түсіндірме жұмысы жүргізілді. 2025-2026 оқу жылына оқуға шақырды.




2024 жылдың 03 желтоқсан күні Леңгір қаласындағы № 8 кәсіптік техникалық колледжге экскурсияға 9 сынып оқушылары қатыстырылды. Аталған оқу орнында «Ашық есік» күні ұйымдастырылып, оқытылатын мамандықтарға түсіндірме жұмысы жүргізілді. 2025-2026 оқу жылына оқуға шақырды



12 желтоқсан айында « Менің болашақ мамандығым» тақырыбында 8 А.Б сынып оқушыларынан эссе жұмысы алынды.



2024 жылдың 18 желтоқсан күні Кәсіптік бағдар беруші педагогы Г.Калдыбаеваның жоспары бойынша **«Кім боламын?» тақырыбында 11-сынып оқушылары эссе жазды «Мамандықтар әлемінде» деген сұрақ бәрімізді назалайды деп ойлануда. Оқушылар мамандық таңдауда жаңылмай, болашақта өз өмірлерінің бір кірпіші болып қаланатынын сезіп, өз ойларын қандай мамандық иесі болатынын жазды. 11-сынып оқушыларының ішінде үздік жазған оқушылар болды.**



2024 жылдың 12 желтоқсан күні кәсіби бағдар беруші педагог Калдыбаева Гулнаның жоспарына сәйкес 9 «А.Б» сынып оқушыларынан «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында эссе жұмыстары алынды. Оқушылар өз ойларымен ашық бөлісіп, сонымен қатар кеңестер берілді.



2025жылдың қаңтар айында Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде Кәсіптік бағдар беруші педагогы Калдыбаева Гулнараның ұйымдастыруымен «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында студенттермен кеш өткізілді. Мақсаты: Мамандық таңдау кезінде оқушыларға бағыт-бағдар беру, таңдау мүмкіндіктерін шешеу. Адам өмірінде мамандықтың алатын орны, маңызы туралы түсінік қалыптастыру. Жиналысқа келген студенттер оқушыларға өздерінің жеткен жетістіктерімен бөлісе отырып, таңдаған мамандыққа түсу үшін, сапалы білім, іздену қажеттігін ұғындырды.



2025жылдың қаңтар айында Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде. Қарағанды индустриялық университетінен Энергетика мамандығының 1-курс студенті Мадияр Сарсен Бекжанұлы бітірушы сынып оқушыларына өзінің оқып жатқан оқу орынымен таныстырып өтті. Аталған университеттің білім сапасының жоғары екендігін және жатақханамен қамтамасыз ететіндігіне де тоқталды. Ол үшін тынбай ізденіп, білім алып, оқу керектігін де тілге тиек етті.



<https://www.facebook.com/100062813058033/posts/pfbid0J2mQ9Wtq16a8r3S5XkQxaKvnF91GPDHETQDDr68oUrxn9WDKVP4YoG4VURzRwJeul/?app=fbl>

2025 жылдың 23 қаңтар күні Кәсіптік бағдар беруші педагогы Калдыбаева Гулнараның ұйымдастыруымен «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында мектебіміздің 9-11 –сынып ер азаматтарымен Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институтының III курс курсанты Әбітай Заңғар Дүйсенғали ұлымен кездесу өткізілді. Мақсаты: Мамандық таңдау кезінде оқушыларға бағыт-бағдар беру, таңдау мүмкіндіктерін шешеу. Адам өмірінде мамандықтың алатын орны, маңызы туралы түсінік қалыптастыру. Кездесу барысында Заңғар Дүйсенғалиұлы оқушыларға әскери саланың тиімді

жақтарын тілге тиек ете отырып, жеткен жетістіктерін айтып өтті. Таңдаған мамандыққа түсу үшін, терең білім, тынбай еңбектену қажеттігін ескертіп өтті.



Мектебімізде жоспарға сай клуб мүшелерімен кәсіптік бағдар беруші педагогы калдыбаева Гулнаның ұйымдастыруымен Даналық мектебі «Әже даналығы» клубында «Әжелердің өшпейтін өнегелі үлгісі» әжелермен кездесу кеші тәрбиелік іс – шара өткізілді.

Іс – шара мақсаты: әжелер мектебі арқылы қазақтың сал –дәстүрі, әдеп – ғұрпы, танымдық – тәрбиелік әлеуетін жан – жақты ашып, отбасында тәрбие құралы ретінде қолдана білуге ықпал ету.

Кездесу барысында әжелеріміз сат – дәстүр, әдет – ғұрыптың бала тәрбиесіне қаншалықты ықпалы бар, қай кезде қолдануға болатыны туралы әңгімелеп берді. Оқушыларымыздың сұрақтарына жауап берді. Аталған шараның тәрбиелік мәні зор, тартымды өтті.



2025жылдың қаңтар айында педагог кәсіби- бағдар беруші Гулнара Қалдыбаеваның жоспарына сәйкес мектеп дәлізіне «Кәсіби бағдар беру бұрышы» Кәсіби бағдар беру стенді ақпараттық материалдармен толықтырылып мектеп оқушыларына таныстырылды.



2025 жылдың қаңтар айында «жасөспірімдерді мамандық таңдау және өзін – өзі анықтау процесінде ата – аналардың ролі»

Мақсаты : ата – аналар

мен балалардың арасындағы қарым – қатынас, балалардың тәрбиесі, алдағы таңда мамандықты таңдау жолдары туралы мағлұматтар беру. Жиналысқа мектебіміздің кәсіптік бағдар беруші педагогы Г. Калдыбаева қатысып, ата – аналарға мамандық таңдау- адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі, себебі адам тағдыры таңдаған мамандығымен ұштасып жататынына тоқталып өтті. Мамандық таңдау - белгілі бір даярлықты қажет ететін іс-әрекет түрі, тіршілік көзі, дағды жүйесі екендігін айта келіп, баланың мамандық таңдауына араласу дұрыс па ?- деген сауал тастап, мамандық таңдаудағы ата-ананың ықпалы төңірегінде баяндама оқыды. Осы орайда , ата- аналардың пікірі екіге бөлінді, өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдірді. Г. Калдыбаева сауалнама таратып, ата- аналардың жауабын алды.



Түркістан облысы. Төлеби ауданының білім бөліміне қарасты Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде Кәсіптік бағдар беруші педагогы Калдыбаева Гүлнараның ұйымдастыруымен « Мамандық таңдау – адам өміріндегі маңызды қадам » тақырыбында ауылымыздың кәсіпкерлерімен кездесу кеші өтті.

Мақсаты : мамандық таңдау кезінде оқушыларға бағыт - бағдар беру, таңдау мүмкіндіктерін шешу. Адам өмірінде мамандықтың алатын орны, маңызы туралы түсінік қалыптастыру. Кешке 9-11-сыныптар қатысып, өздерін ойландырып жүрген сұрақтарға көптеген мәліметтер алды.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02BihNS4t2EKmcLKNdAMH42b3RmgS3tCmGiWL5UckSkV3toKhgBaUEwMBGGW8tBKa6l&id=100062813058033&mibextid=Nif5oz

2025 жылдың ақпан айының 19 күні кәсіптік бағдар беруші педагогы Г.Калдыбаеваның жоспарына сәйкес «Өз жолымызды таңдаймыз» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Мақсаты: Оқушыларға мамандық таңдау, олардың негізгі түрлері, мамандықтарға деген ынта –ықыласын арттыру, кәсіптік бағыт бағдар беру. Саналы ұрпақ өмірдегі өз жолын таңдай білу керектігін ұғыну керек. Әр түрлі мамандыққа деген қызығушылықтарын және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу мақсатында 10-сынып оқушыларымен іс-шара өткізілді. Оқушылар мамандық бойынша көптеген мағлұматтар алып. Өз ойларымен де бөлісті.



Мақсатқа сәйкес ақпан айының 19 күні 9 және 11 сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығын диагностикалау нәтижелері бойынша сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша 11 сынып балалары өз бағыттарын,

мамандықтарын нақты таңдап отырғандығына нақтыланса, сынып оқушыларында әлі де ой үстінде жүрген оқушылар кездесті.

20.02.2025 жылы 9 сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беруші педагогы Г.Калдыбаеваның ұйымдастыруымен ауылымыздың Фельдшерлік – акушерлік пунктке барып, ондағы мамандардың жұмыстарымен таныстырылды.

- 1.Дәрігер мамандығы: оқушылар дәрігердің қызметі мен міндеттерін, оның медициналық білім алу жолын, қажетті дағдыларды білді. Бұл салаға қызығушылық танытқан оқушыларға бағыт- бағдар берілді.
- 2.Медбике: пациенттерге көмек көрсету, дәрі – дәрмек беру, емдеу процедураларын жүзеге асыру сияқты салаларға қатысты мәлімет берілді.
- 3.Зертханашы:Қан мен басқа да биологиялық сұйықтықтарды зерттеу, диагностика жасау сияқты зертханалық жұмыстардың маңыздылығын түсіндірді. Соңғы шыққан заманауи құрал – жабдықтармен танысты. Саяхат барысында оқушылар медицина саласы туралы тереңірек түсінік қалыптастырып, болашақ мамандық таңдау жолындағы алғашқы қадамдарын жасады.



14.02.2025 жылы Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде Кәсіптік бағдар беруші педагогы Калдыбаева Гулнараның жоспарындағы « Оқушының кәсіби мақсаты мен жоспарын зерттеу» тақырыбында 11-сынып оқушыларымен зерттеу анкетасы алынды. Бұл анкетаны оқушылардан толтырып алу арқылы олардың кәсіби мақсаттары мен болашақ жоспарын зерттеуге болады.



25ақпан «Оқуға қайда бару керектігі оқушының қызығушылығы, қабілеті, болашақ жоспары мен қаржылық мүмкіндіктеріне байланысты шешілетін маңызды мәселе. Мұнда бірнеше негізгі қадамдар бойынша кеңес беруге

болады. Егер 9-сыныптан кейін оқуды жалғастырғың келсе, колледжге түсіп, кейін университетке ауысуға болады. Колледждер техникалық және кәсіптік білім береді.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде 2025жылдың 7 ақпан күні № 4 Қ.Сәтбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің базасында кәсіптік бағдар беру педагогтеріне әдістемелік сүйемелдеу көрсету мақсатында аудандық семинар өтті. Бұл семинарға №8 кәсіптік техникалық , «Мейір-Бейс» медициналық колледжден мамандар келіп өз оқу орындарымен таныстырып өтті.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті – бұл Қазақстандағы алғашқы халықаралық жоғары оқу орны және түріктілдес елдердің университеттердің арасында халықаралық мәртебеге ие болған жалғыз оқу орны екендігін айтып ондағы мамандықтарға тоқталды. Оқыту қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізілетінін айтты.




Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев 2024жылғы қыркүйек айында Қазақстан Халқына жолдауында 2025жыл « Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялануына байланысты. 2025жылдың 28 ақпан күні Түркістан облысы бойынша «Жұмысшы мамандықтар жылын » атап өту мақсатында « Өндірістік базада » облыс әкімдігінің қатысуымен салтанатты ашылуы болды, сол іс – шараға КББП Қалдыбаева Гулнара қатысып көптеген мағлұматтармен танысып шықты.



2025жылдың 11 ақпан күні Түркістан қаласындағы А. Ясауи атындағы ХҚТУ базасында өтетін өңірдегі жоғары білім көрмесіне қатысу үшін 11 сынып оқушылары мен кәсіптік бағдар беру педагогы Қалдыбаева Гулнара іссапармен танысып келді.



Төлеби аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты № 2 Ш.Уалиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінің акт залында 2025 жылдың 14 наурыз күні Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің мамандары География ғылымдарының кандидаты, доцент Мамадияров Марат Дүйсенұлы мен Мадина Махмұдханова бітіруші сынып оқушыларына білім ордасы жайлы толық мәлімет беріп өтті. Атап айтсақ, қандай мамандықтар оқылатыны, әлеуметтік көмек, жатақхана, жеңілдіктер, академиялық ұтқырлық аясында шет елдерде білім алу туралы оқу орнына түсу үшін қандай құжаттар керек екені туралы да толық ақпарат беріп өтті.



Оқушылардың кәсіби бағдарын кеңейту, тәжірибелік білімін арттыру және өндірістік үдерістермен таныстыру мақсатында 2025жылдың 12-наурыз күні

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің оқушылары Байсейтова Гүлсезім, Тұрсынқұл Кәусар, Тәңірберген Аружан. Леңгір қаласында «Дариға» тігін ательесімен таныстырылды. Ондағы заманауи тігін машиналары мен киім түрлері (ерлер, әйелдер, балалар киімі) кестелеу, сәндік безендіру және жеке тапсырыстармен, құрақ түрлерімен танысты. Оқушылар ойларындағы сауалдарына толық мағлұматтар алып жақсы көңіл-күйде болды.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде 2025 жылдың 13 наурыз күні Шымкент қаласынан. SHYMKENT YNIVERSITETI нен педагогикалық ғылымдарының магистрі аға оқытушысы Айткулова Гулмира оқу орнынан келіп 11-сынып оқушыларына білім ордасы жайлы толық мәлімет беріп өтті. Атап айтсақ, қандай мамандықтар оқылатыны туралы айтып өтті және жатаханамен қамтамасыз етілетіні туралы оқу орнына түсу үшін қандай құжаттар керек екені туралы да толық ақпарат беріп өтті.





11.02.2025 жылы Төлеби аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Түркістан қаласында мектеп оқушыларының мамандық таңдауға бағыттайтын «STUDY IN KAZAKHSTAN» білім көрмесі ұйымдастырылды. Аудан мектептері арасынан КББ педагогтары барды. Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Study in Kazakhstan» көрмесі өтті. Қазақстандық жастардың шетелдік, халықаралық аренада білім алуы үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынған көрмені тамашалауға 10-11 сынып оқушылары ата-аналары келді. Ал, көрмеге әлемнің жетекші ЖОО-ның Қазақстандағы 20-филиалы қатысты. «Study in Kazakhstan» көрмесінің негізгі мақсаты: Қазақстаннан шықпай – ақ шетелдік ЖОО-да білім алуға мүмкіндік жасау. Қазіргі таңның өзінде еліміздің көптеген өңірлерінде шетелдің білікті ЖОО байланыс орнатып, қос диплом жүйесі бойынша білім алуға жағдай жасалған. Алдағы уақытта шетелдік жоғары оқу орындарының санын арттыру көзделуде. Кез – келген елдің даму болашағы жастарға байланысты. Елімізде дүниежүзіндегі ең мықты 34 университет пен филиал ашу бойынша келісімге қол қойылды. Оның 23-і Қазақстанның түрлі өңірлерінде ашылды. Бүгін сол ЖОО-ның өкілдері өздерін таныстыру мақсатында көрмеге қатысуға арнайы келді. Аталған іс-шара Түркістан облысы білім басқармасы басшысының орынбасары Айгүл Қасымбекова : « Білім саласы – адамзат тарихының дамуындағы ең маңызды сала. Мемлекет басшысының тапсырмасымен республикамызда ашылған шетелдік ЖОО филиалдарының өкілдерімен кездесу өтті. Бұл біздің түлектер үшін үлкен мүмкіндік! Себебі, отандық біліммен ұатар, шетелдік білім беру стандарттарымен танысып, таңдау жасауға мүмкіндік алды деп ойлаймын», - деді.

Жыл сайын 1000-ға жуық жерлесіміз «Серпін» мемлекеттік бағдарламасы бойынша білім алады. Қазақстанның кадр тапшылығы бар Солтүстік және Батыс өңірлерінде оқытып, жұмысқа орналастыру. Көрмеге қатысушы

түлектер 10,11 ақпан күндері шетелдік ЖОО филиалдарымен танысуға мүмкіндік алады. Қатысушылар бұл көрмеден тамаша мүмкіндіктер алып, жақсы жаңалықпен бөлісіп қайтты


Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде 2025 жылдың 18 сәуір күні Шымкент қаласынан. Жаңа заманауи «Тұран» медициналық колледжден Ақмарал, Бағила педагогтары оқу орнынан келіп 9-сынып оқушыларына білім ордасы жайлы толық мәлімет беріп өтті. Атап айтсақ, қандай мамандықтар оқылатыны туралы айтып өтті және жатаханамен қамтамасыз етілетіні туралы оқу орнына түсу үшін қандай құжаттар керек екені туралы да толық мағлұмат берді.



ЖАҢА ЗАМАНАУИ «ТҰРАҢ» МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ ТҮРКІСТІК МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША СТУДЕНТТЕРДІ ОҚИТА ҚАБАЛДАЛАЙМЫЗ			НОВЫЙ СОВРЕМЕННЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ КОЛЛЕДЖ «ТУРАНА» ПРИНИМАЕТ СТУДЕНТОВ НА ОБУЧЕНИЕ ПО СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫМ СПЕЦИАЛЬНОСТЯМ		
№	Сынып	Мамандығы (Вакансия)	№	Класс	Специальность (Квалификация)
1	9 сынып 3 жыл 10 ай 180 000тң	Бейру ксі (Фельдшер) Майіргер ксі (Жалпы практикадағы негізгер) Стоматология (Дентист)	1	9 класс 3 года 10м. 180 000тң	Лечебное дело (Фельдшер) Сестринское дело (Общественное здравоохранение) Стоматология (Дентист)
2	11 сынып 3 жыл 10 ай 180 000тң	Бейру ксі (Фельдшер) Майіргер ксі (Жалпы практикадағы негізгер) Стоматология (Дентист) Фармация (Фармацевт)	2	11 класс 3 года 10м. 180 000тң	Лечебное дело (Фельдшер) Сестринское дело (Общественное здравоохранение) Стоматология (Дентист) Фармация (Фармацевт)
Талапкерлерге қажаттар тізімі			Паспорттық тасымалданатын құжаттар тізімі		
1. Аттестат (түпнұсқа); 2. Және құрамы немесе туу туралы куәлігі, ЖСН (қашықтан); 3 дана; 3. Фотосурет 3x4 (4 дана); 4. 078/Х 043/У ұлттық медициналық анықтамасы; 5. Фотографиялардың суреті			1. Аттестат (магистрант); 2. Білім алушының тәртіптік анықтамасы немесе сертификаттау кешенінің; 3. Фото 3x4 - 4 см; 4. Медициналық сауағқа к фирмасы 078/У, 043/У; 5. Сыныптық фотографиялар		
*Оқу туралы ақпарат анықталған кезде қосымша берілетін			*Оқуға қабылданған кезде қосымша берілетін		
ОҚУ ТҮРІ КҮНДІГІ			Оқуға қабылданған кезде қосымша берілетін		

02.04.2025ж. №8 колледж МКҚК оқу базасында «Жұмысшы мамандықтар жылына» арналған іс – шара жоспарына сәйкес « Кәсіптік бағдар беру – табысты болашаққа маңызды қадам » тақырыбында ұйымдастырылып, Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің 9 сынып оқушылары қатысты, Бұл іс-шара оқушылар нақты жұмысшы мамандықтарымен танысып және және сондай- ақ, жұмысшы мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттырды. Болашақ бітіруші түлектерге колледждегі мамандықтар туралы да айтылып, кәсіптік қызығу мен бейімділігін, бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесу мақсатында кеңестер берілді. Биыл « Жұмысшы мамандықтар жылы» болғандықтан жұмысшы мамандарды қолдап, қоғамда өте қажет мамандықтар екендігі жете түсіндіріліп жеткізілді. Жұмысшы мамандықтары-ел болашағы ! Өз болашағына сенімді қадам жасағысы келетін жас түлектерге кәсіптік білімнің берер мүмкіндігі мол.





Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде 2025 жылдың 08 сәуір күні Төлеби ауданы. Көксаяқ елді мекенінде орналасқан «Түркістан көпсалалы-техникалық колледжен» мамандар оқу орнынан келіп 9-сынып оқушыларына білім ордасы жайлы толық мәлімет беріп өтті. Атап айтсақ, қандай мамандықтар оқылатыны туралы айтып өтті және жатаханамен қамтамасыз етілетіні туралы оқу орнына түсу үшін қандай құжаттар керек екендігін түсіндіріп өтті.



Техникалық және мамандық оқу орнының мәліметі бойынша			
№	Мамандық атауы	Білім беру бағдары	Қызығарлық
Оқу орны туралы мәлімет			
1	Қазақстан Республикасының 27 облысы мен Астана қаласындағы 27 облыстық техникалық және мамандық оқу орны	Техникалық және мамандық оқу орны	2 жыл 10 ай
2	Қазақстан Республикасының 27 облысы мен Астана қаласындағы 27 облыстық техникалық және мамандық оқу орны	Техникалық және мамандық оқу орны	2 жыл 10 ай
3	Қазақстан Республикасының 27 облысы мен Астана қаласындағы 27 облыстық техникалық және мамандық оқу орны	Техникалық және мамандық оқу орны	2 жыл 10 ай
4	Қазақстан Республикасының 27 облысы мен Астана қаласындағы 27 облыстық техникалық және мамандық оқу орны	Техникалық және мамандық оқу орны	2 жыл 10 ай
5	Қазақстан Республикасының 27 облысы мен Астана қаласындағы 27 облыстық техникалық және мамандық оқу орны	Техникалық және мамандық оқу орны	2 жыл 10 ай
6	Қазақстан Республикасының 27 облысы мен Астана қаласындағы 27 облыстық техникалық және мамандық оқу орны	Техникалық және мамандық оқу орны	2 жыл 10 ай
7	Қазақстан Республикасының 27 облысы мен Астана қаласындағы 27 облыстық техникалық және мамандық оқу орны	Техникалық және мамандық оқу орны	2 жыл 10 ай
8	Қазақстан Республикасының 27 облысы мен Астана қаласындағы 27 облыстық техникалық және мамандық оқу орны	Техникалық және мамандық оқу орны	2 жыл 10 ай
9	Қазақстан Республикасының 27 облысы мен Астана қаласындағы 27 облыстық техникалық және мамандық оқу орны	Техникалық және мамандық оқу орны	2 жыл 10 ай
10	Қазақстан Республикасының 27 облысы мен Астана қаласындағы 27 облыстық техникалық және мамандық оқу орны	Техникалық және мамандық оқу орны	2 жыл 10 ай

Төлеби ауданының білім бөлімі мектеп бітірушілеріне мамандық таңдауда кәсіптік бағыт бағдар жұмыстарын жүргізу мақсатында « № 8 Түркістан көпсалалы – техниклық колледжі» МКҚК «2025жыл – Жұмысшы мамандықтар жылына » арналған « Мамандығым-болашағым » тақырыбында 18 сәуір күні « Ашық есік» күніне 11 сынып оқушылары қатыстырылды .



«Серпін» бағдарламасы бойынша кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу мақсатында Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің өкілдері «Кәсіптік мамандықтар сыр шертеді» тақырыбында мектеп бітірушілерімен 2025 жылдың 09 сәуір күні «Бірінші мамыр жббм» Акт залында өтілетін кездесуге мектептің 9 – 11 сынып оқушылары қатыстырылды. Оқушылар «Мамандық таңдау – әр адамның» өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Дұрыс таңдалған кәсіп – табысты өмірдің, рухани қанағаттың және тұрақты дамудың кепілі екендігі жайында түсінді.



2025 жылдың мамыр айында «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде», «Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы» жоғарғы мектебінің ұйымдастыруымен өтетін «Ашық есік» күніне кәсіптік бағдар беру педагогы Г. Калдыбаева мен 11 сынып оқушылары қатыстырылды. Іс – шара барысында оқушылар университеттің оқу бағдарламаларымен, зертханаларымен оқу-тәжірибелік базасымен танысты. Сонымен қатар, университет оқытушылары мен мамандары болашақ мамандық таңдау бойынша кеңестер беріп, сұрақтарға жауап берді. Шара оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыруға және жоғары оқу орны туралы толық мәлімет алуына мүмкіндік берді.



Кәсіптік бағдар беру жұмысы шеңберінде жоо-дың көрмелері қажетті материалдарды тарату, жоо-дар мен олардың филиялдарына түсу, оның ішінде «серпін» бағдарланасы, ұБТ тапсыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында 28 сәуір күні мектептің 11 сынып оқушылары қатыстырылды. Оқушылар өздеріне қажетті материалдар мен нағлұматтар ала білді.



2025 жылдың мамыр айының 20 күні «Кәсіпті таңдау – болашаққа үлкен қадам?» тақырыбында «АВИМЕД»

**көпсалалы медицина колледжден
нанандар келді. «АВИМЕД» көпсалалы
колледж – медициналық және басқа да
кәсіби бағыттар бойынша нанандар
даярлайтын білім беру мекемесі
екендігін айтып өтті. Колледж
заманауи білім беру стандарттарына
сай жабдықталған және тәжірибелі
оқытушылар құрамына ие екендігі
жайында мағлұмат берді.**



«АВИМЕД» КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ									
Колледж мамандықтары									
№	Шығару	Мамандық атауы	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып	5 сынып	6 сынып	7 сынып
1	09120101	Медициналық сестрелік	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай
2	09120102	«Мейір» кәсіп	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай
3	09120103	Жалпы медициналық медресе	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай
4	09120104	«Мейір» кәсіп	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай
5	09120105	«Мейір» кәсіп	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай
6	09120106	Дәріс берісін және сестрелік	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай
7	09120107	Дәріс берісін және сестрелік	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай
8	09120108	Медициналық сестрелік және оқыту	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай
9	09120109	Медициналық сестрелік және оқыту	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай
10	09120110	Медициналық сестрелік және оқыту	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай	3 ж 10 ай



«Мейір- Бейс» ЖШС «Арманға апарар алғашқы қадам» тақырыбында «Ашық есік » күніне 9 -11 сынып оқушылары мен кәсіптік бағдар беруші педагогы Г. Қалдыбаева қатыстырылды.





« Түркістан көпсалалы – техникалық колледжі» МКҚК «2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылына» арналған « Мамандығым - болашағым» тақырыбында 18 сәуір күні колледж базасында «Ашық есік » күніндегі іс –шараға 9-11 сынып оқушылары мен кәсіптік бағдар беруші Г. Калдыбаева қатыстырылды.



2025 жылдың мамыр айында « М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде», « Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы » жоғарғы мектебінің ұйымдастыруымен өтетін « Ашық есік» күніне кәсіптік бағдар беру педагогы Г. Калдыбаева мен 11 сынып оқушылары

қатыстырылды. Іс – шара барысында оқушылар университеттің оқу бағдарламаларымен , зертханаларымен оқу- тәжірибелік базасымен танысты. Сонымен қатар , университет оқытушылары мен мамандары болашақ мамандық таңдау бойынша кеңестер беріп, сұрақтарға жауап берді. Шара оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыруға және жоғары оқу орны туралы толық мәлімет алуына мүмкіндік берді.



2025 жылдың мамыр айында « Шымкент университеті » « Мамандық таңдау – маңызды қадам » жоғарғы мектебінің ұйымдастыруымен өтетін « Ашық есік» күніне кәсіптік бағдар беру педагогы Г. Калдыбаева мен 11 сынып оқушылары қатыстырылды. Іс – шара барысында оқушылар университеттің материалдық-техникалық базасымен , зертханаларымен , оқу үдерісімен және білім беру бағыттарымен танысты. Университет оқытушылары оқушыларға түрлі мамандықтар бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, сұрақтарына жауап берді. Сонымен қатар кәсіби бағдар беруге бағытталған шеберлік сабақтары мен тренингтер ұйымдастырылды.

2025 жылы 9-11 сыныптар аралығындағы оқушылардың кәсіптік бағдар бойынша, оқушылардың жеке басының психологиялық ерекшеліктерін зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында сауалнама алынды. Сауалнама алу жұмыстарын педагог-кәсіби бағдар беруші Калдыбаева Гулнара мен педагог-психолог Калмуратова Ұлмекен екеуі бірлесе отырып ұйымдастырды. 9 – 11 сыныптар аралығында оқушылармен мамандыққа байланысты сауалнама жүргізіліп, жасөспірімдерге мамандыққа байланысты диагностиканың нәтижесі дер кезінде таныстырылып, психологиялық кеңестер берілді және әлеуметтік зерттеу жұмыстары жүргізілді.



